Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

17 қаңтар сейсенбі
№5 (1912)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласына жұмыс сапарымен барып, бірқатар министрмен кездесті. Онда өңір үшін маңызды жобалар талқыланды.

АСТАНА САПАРЫ НЕСІМЕН МАҢЫЗДЫ?

Аймақ басшысы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Зульфия Сүлейменовамен кездесті. Бүгінде Сыр елінің шаруалары республика бойынша күрішке деген қажеттіліктің 90 пайызын өтеп келеді. Нұрлыбек Нәлібаев шаруаларды алаңдатып отырған проблема – суару желілерінің қанағаттанарлықсыз жағдайын көтерді. Жыл сайын шамамен 2 млрд м3 су жоғалады, бұл республикадағы жалпы су шығынының жартысын құрайды. Мәселені шешу мақсатында өңір басшысы суару жүйелерін қалпына келтіру және жаңғырту жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету, су бөлу процестерін автоматтандыру және цифрландыру керектігін ұсынды. Сондай-ақ өңірдегі өзекті мәселенің бірі – Арал теңізі. Соңғы 12 жылда 8,5 млрд м3 тартылған теңіздің жағдайы алаңдатарлық. Аймақ басшысы министрге маңызды мәселені айта отыра, вегетациялық кезеңде дарияның жоғарғы сағасындағы елдермен келіссөздер жүргізіп, мәселені шешу жолдарын талқылады.

Одан кейін ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлімен кездесті. Аймақ басшысы мен министр облыстың қоғамдық-саяси ахуалы туралы өзекті мәселелер мен жастар саясаты саласындағы жаңа бастамаларды талқылады. Онда айтылған негізгі мәселе, министрдің ұсынысына сәйкес өңірде Дін басқармасы қайта құрылатын болады. Сонымен бірге ашық азаматтық қоғам және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара байланыс орнатудың жаңа тәсілдері талқыға түсті.

2 БЕТТЕ

Өткен аптаның сенбі күні барлық облыстарда ҚР Парламенті Сенатының депутаттарын сайлауы өтті. Бұл сайлауға барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары дауыс беруге қатысты. Сол күні Орталық сайлау комиссиясы сайлаудың қортындысын жариялады.

СЕНАТ САЙЛАУЫ ӨТТІ

Парламент Сенатының депутаттарын жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы таңдаушылар – мәслихаттардың депутаттары сайлағаны белгілі. Мәслихат депутаттары әдеттегідей лайық деп таңдаған кандидатты бюллетеньде белгілеп, сайлау жәшігіне тастады. Айтпақшы, соңғы өткізілген кезектен тыс Перзидент сайлауындағы жаңашылдық – бюллетеньде «Бәріне қарсымын» графасы Сенат сайлауында да қолданылды.

Орталық сайлау комиссиясының мәліметіне сүйенсек, Парламент Сенатындағы 20 орынға 55 кандидат үміткер ретінде тіркелген. Ең көп үміткер Алматы облысынан ұсынылған. Астана мен Шымкентте, Қызылордада үш-үштен, ал қалған өңірлерде 2 кандидаттан тіркелді. Дауыс беруге 3167 мәслихат депутаты қатысты. 20 өңір бір-бірден сенатқа лайық депутатты таңдады. Сегізінші шақырылымда 4 депутат қайта сайланды. Олар – Алматы, Жетісу, Ұлытау облысы мен Шымкент қаласынан сайланған депутаттар. Сенатқа облыс мәслихаттарының бес хатшысы, төрт әкім орынбасары, екі аудан әкімі, бір облыстық басқарма жетекшісі, министрліктің орташа дәрежедегі бір жетекшісі өткені белгілі болды. Сайланғандардың үшеуі – әйел болса, жаңа сайланған депутаттардың орташа жасы – 53, ең үлкені – 62, ең жасы – 42-де.

Сонымен облыстық сайлау комиссиясының қорытындысы бойынша Қызылорда облысынан 3 үміткер сайлауға түсті. Олар – «ҚазСуШар» РМК филиалының басшысы Жорабек Нұрымбетов, Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов және Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шәменов. Сайлау нәтижесі бойынша үш кандидат арасынан ең көп дауыс жинаған үміткер Руслан Рүстемов болды.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ

ӘКІМГЕ АЛТЫ САУАЛ

ГАЗ КЕЛЕТІН КҮН АЛЫС ЕМЕС

«Әкімге алты сауал» айдарының бүгінгі қонағы – Ақсуат ауылдық округінің әкімі Мәмбетәлі Ақмырзаев.

– Ауылдық округтің бүгінгі қоғамдық-саяси ахуалы қандай?

– Ақсуат ауылдық округіне 1 елді мекен Жақыпбек Маханбетов ауылы кіреді. Ауылдық округтің бүгінгі қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты. Ауылда атқарылған айшықты істер бар. Ауыл халқының тұрмысын көтеру үшін қолға алынған ауқымды жобалардың арқасында округтің келбеті ажарланып, абаттандырылды. Таза ауылға айналды.

– Жыл сайынғы әкім есебі сіз үшін несімен маңызды?

– Халық көкейіндегі жүрген сұрақтарын қойып, жауаптарын алып, ұсыныс, пікірлерін білдіре алады. Тұрғындардың талап-тілегін тыңдаймыз. Сол бойынша жұмыстарды қолға аламыз. Есеп беру мен үшін халықпен кездесіп, атқарылған жұмыстарды көрсетуімен маңызды. Елді мекендегі мәселелердің шешілу жолдары тұрғындармен бірге қарастырылады.

2 БЕТТЕ

Сырдың бас қаласы жыл өткен сайын жаңғырып, жаңа құрылыс нысандары бой көтеруде. Бұл аймағымыздың ажарын ашып, сәулетіне сән қосуда.

ӘР НЫСАН ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов пен қала әкімі Асылбек Шәменов қала аумағында салынып жатқан құрылыс нысандарын аралады.

Алдымен өткен жылы іргетасы қаланған «Неке сарайының» құрылысымен танысты. «Неке сарайының» жобалық құны – 1,5 млрд теңгені құрайды. Бас жобалаушы – «Крез-Сервис» ЖШС. Құрылыс жұмысының сапалы әрі уақытылы бітуін қадағалау ісіне жауапты мекеме – «Авангард-ПГС» ЖШС. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қыс мезгіліне қарамастан тұрақты жүргізілуде. Көктем шыға жұмыс қарқын алады деп жоспарлануда. Құрылыс сызбасына сәйкес нысан барлық талапқа сай салынбақ.

Облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов мердігер мекеме басшылығына істің уақытылы сапа деңгейіне сәйкес орындалуын қатаң тапсырды.

Содан соң облыс әкімінің орынбасары мен қала әкімі бой көтеріп жатқан «Өнер» орталығында болды. Құрылыс жұмыстарын жүргізу құқығы «СМП Қызылорда» ЖШС мердігер мекемесіне міндеттелген. Ғимараттың құрылысы 2023 жылы аяқталады деп күтілуде. Сыр елінің сәулетіне сән беретін үлкен сыйымдылықтағы нысан өңір көркемөнерпаздарының көз қуанышы болмақ. «Өнер» орталығы заманауи құрал-жабдықтармен толыққанды қамтамасыз етілмек. Мың адамға арналған мәжіліс залы, арнайы үйірмелерге арналған бөлмелер жұмыс істейді.

2 БЕТТЕ

Қоқыстан қалай құтыламыз?

Қоршаған ортаны қорғауда ең үлкен мәселе – қоқыс. Күн сайын үйден шыққан қалта-қалта қоқысты лақтыра салудан әрі ойламайтынымыз да шындық. Яғни қоқыс мәселесі мұнымен аяқталмайды.

Шыны керек, қоқысты әр жерге тастау әлі де жоқ емес. Бізде әлі де қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, тазалық сақтау мәдениеті жоғары деңгейде емес. Дегенмен тазалыққа үндеген белсенділер мен қозғалыстар жұмысы нәтижесіз емес. «Жақында «Stop musor» жарнамасына көзім түсті. Айналаны таза ұстауға үндеуге, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға үлес қосқысы келген жандардың хабарласуы үшін байланыс нөмірін де жазып қойған екен. Біз байланысқа шығып, аталған жоба жайында сұрадық. Жоба үйлестірушісі Асыл Оқапованың айтуынша, «Stop musor» жобасы «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің бастамасымен 2020 жылдан бастап жүзеге асуда.

4 БЕТТЕ

АСТАНА САПАРЫ НЕСІМЕН МАҢЫЗДЫ?

Аймақ басшысының ҚР Әділет министрі Азамат Есқараевпен кездесуі барысында облыс әкімдігі тарапынан қабылданып жатқан қаулы-қарарлар мен нормативтік-құқықтық актілердің заңнамалық сипаттамалары сөз болды. Облыстағы норма шығармашылық қызметті жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар айтылды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровпен кездесіп, елді мекендерді дамыту мақсатында қаржыландыруға ұсынылатын жобаларды пысықтады. Аймақта аталмыш министрлікпен 2023 жылы жалпы құны 5 млрд теңгені құрайтын 17 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Республикалық бюджетті нақтылау барысында тағы да 72 жоба ұсынылмақ. Атап айтқанда, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында жалпы құны 7,6 млрд теңгені құрайтын 41 жоба, «Облыс орталықтарын дамыту» бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 17,1 млрд теңгеге 23 жоба, «Шағын қалаларды дамыту» бағдарламасы бойынша жалпы құны 6,5 млрд теңге болатын 8 жоба бойынша өтінім берілді. Барлық жобалар елді мекендердің өзекті мәселелерін шешуге және тұрғындарға аса қажетті инфрақұрылымдық желілерді салуға бағытталған. Министрмен кездесу барысында Қызылорда облысының бюджетін көтеру, экономиканы әртараптандыру, кіріс көлемін арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар талқыланып, нақты ұсыныстар айтылды.

Облыста білім саласын дамытуға бағытталған арнайы бағдарлама қабылданатын болды. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаевтың кездесуі барысында шешім қабылданды. Аталмыш бағдарлама – білім сапасын арттыру, оқу-тәрбие процесін жетілдіру, білім нысандарының инфрақұрылымын дамыту, бала саны көп мектептер жанындағы қосымша құрылыстар мен апатты жағдайдағы білім ошақтарының және бейімделген ғимараттардың мәселелерін шешуге бағытталатын болады. Алдағы уақытта облыстағы білім беру саласын жетілдіруге бағытталған бұл ұсыныстар министрлік тарапынан қолдау табады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының қолдауымен облыста алдағы 3 жылда Ұлттық жоба аясында 21 жайлы мектептің құрылысы жүргізілмек.

Басы 1-бетте

«Ақмешіт-ақпарат»

ӘР НЫСАН ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАНАДЫ

Қала әкімі Асылбек Шәменов шаһар шырайын аша түсер «Өнер» орталығы секілді әлеуметтік нысандар ел әлеуетінің артуына зор ықпалын тигізіп, қала халқының рухани демалыс орнына айналатынын атап өтті.

Сондай ақ біз аялдаған келесі нысан – белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынып жатқан «Анаға тағзым» орталығы. Бұл облыс орталығындағы әлеуетті нысандардың бірегейі болмақ. Құны 1,5 млрд теңгені құрайтын орталық барша Сыр жұртшылығының құрметпен қарар орынына айналатыны сөзсіз.

Облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағанов бастаған топ одан әрі сол жағалауда салынып жатқан «Қан орталығы» жұмысының құрылысымен танысты.

Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы тапсырысы негізінде бой көтеріп жатқан әлеуметтік нысан құрылысы өткен жылы күз айында басталған болатын. Құрылыс ғимараты келер жылы толық аяқталып, халыққа пайдалануға берілмек.

Бас мердігер компания «СК Дәнекер» ЖШС міндетіне жүктелген. Үш қабатты ғимарат қала халқының денсаулығын тексеруге арналған бірегей орын болатыны айтылып, қажетті жұмыс сапа ісіне мән беріп, уақытынан кешікпей пайдалануға берілу керектігі де тиісті сала басшылығына тапсырылды.

Сол жағалауда салынып жатқан көпқабатты тұрғын үй құрылысы да назардан тыс қалмады. Кәсіпкерлер қолдауы арқасында бой көтеріп жатқан ғимарат бірінші кезекте тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға берілмек.

– Әрбір нысанға тиісті қаражат уақытылы бөлінгенін атап өту керек. Сондықтан халық талабы ең алдымен ескерілетін де жеткізгім келеді. Ал бұл нысандардың әрбірі аймағымыздың инфрақұрылымын арттыруға негіз болмақ. Алдағы уақытта да мердігер мекеме басшылығымен істің жүргізілу тәртібін қатаң түрде қадағалап отырамыз. Қызылорда қаласы бұдан да көркем келбеттене бермек, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Басы 1-бетте

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ГАЗ КЕЛЕТІН КҮН АЛЫС ЕМЕС

– Көптен күткен газ өткен жылы да берілмеді? Себеп қандай?

– Қолға алған іс – үлкен жоба. Сондықтан жауапкершілік қажет. Ауылдық округті газбен қамту жобасы 2021-2023 жылдарға жоспарланып, 2021 жылы құрылысын бастауға 500 млн теңге бөлінсе, 2022 жылға 2 млрд 439 млн теңге қаржы бөлініп, 16,5 шақырым болатын жоғары қысымды, 9,6 шақырым болатын орта қысымды газ құбыры мен автоматты газ тарату станциясына (АГТС -1- ГГТП -1) кеңейту жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда, 123 шақырым болатын төменгі қысымды газ құбырын тарту жұмыстары мен үйлерге түтік шығару жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 4 млрд 775 млн теңгені құрап отыр. Халықтың игілігі үшін тиісті жұмыс атқарылып, газды қосу бағытында тиянақты тірліктер жасалды. Ауыл тұрғындарының сүйіншілейтін күні алыс емес.

– Ақсуат ауылдық округіндегі өзекті мәселенің бірі – қоғамдық көлік екені белгілі. Бұл мәселе қашан шешіледі?

– Тұрғындарды қоғамдық көлік мәселесі алаңдатып отырғаны рас. Бұл жөнінде қала әкімінің ауыл тұрғындарымен кездесуде де айтылды. Ауылға қатынайтын қоғамдық көліктер уақыты реттелсе деген талаптары орынды. Қазіргі уақытта тұрғындарға №12 және №2 қоғамдық көліктер қызмет көрсетуде. Жаңа жылдан бастап №12 маршрут қосымша маршруттармен толықтырылып қызмет көрсетуде.

– Елді мекендегі қылмыстық ахуал қандай деңгейде?

– Ауылда ең маңыздысы қоғамның тыныштығы, тұрғындардың қауіпсіздігі. Сондықтан да қылмысқа қарсы күресті күшейтуге, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қылмыстарды ашуға бағытталған жұмыстарды дер кезінде жүзеге асырып келеміз. Соның нәтижесінде 2022 жылы 9 қылмыс орын алған. Оның ішінде мал ұрлығы бойынша 3, пәтер ұрлығы бойынша 1, интернет алаяқтарға алданған 5 қылмыс тіркелген. Оның 7-і ашылған.

– Өзіңізге «мен не тындырдым?» деген сұрақ қойып көрдіңіз бе?

– Иә, «мен не тындырдым?» деген сұрақ, әрбір азаматтың атында тұрады. Алға қойған мақсатына жетуге ұмтылады деп ойлаймын. Ауылға әкім болғаннан кейін елді мекенді дамытуға арналған өзіндік жоспарларым кезең-кезеңімен орындалуда.

Мәселен, ауылдық округті газдандыру мәселесі болса, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Биыл пайдалануға беру жоспарлануда. Ауызсу мәселесі бойынша, ауылдың жаңадан қоныстанушы тұрғындарын ауызсумен қамтудың 2019-2020 жылдарға арналған жоспарына сәйкес, бюджеттен қаражат бөлініп, «Мелиоратор» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылыс жұмыстарын жүргізіп, ауыл тұрғындары ауызсумен 100 пайызға қамтылды.

1982 жылы 624 орындық типтік жобада салынған №143 мектептің жылу қазандықтарының ескіруіне байланысты, 2019 жылы қатты отын түрінен, сұйық отын түріне ауыстырылса, 2020 жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Қолға алған іс – үлкен жоба. Сондықтан жауапкершілік қажет. Ауылдық округті газбен қамту жобасы 2021-2023 жылдарға жоспарланып, 2021 жылы құрылысын бастауға 500 млн теңге бөлінсе, 2022 жылға 2 млрд 439 млн теңге қаржы бөлініп, 16,5 шақырым болатын жоғары қысымды, 9,6 шақырым болатын орта қысымды газ құбыры мен автоматты газ тарату станциясына (АГТС -1- ГГТП -1) кеңейту жұмыстары жүргізіліп, қазіргі таңда, 123 шақырым болатын төменгі қысымды газ құбырын тарту жұмыстары мен үйлерге түтік шығару жұмыстары жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 4 млрд 775 млн теңгені құрап отыр. Халықтың игілігі үшін тиісті жұмыс атқарылып, газды қосу бағытында тиянақты тірліктер жасалды. Ауыл тұрғындарының сүйіншілейтін күні алыс емес.

2013 жылы 300 орындық №268 мектеп-лицейінде оқушылар санының жылдан-жылға артуына байланысты 2021 жылы 200 орындық қосымша ғимарат құрылысы пайдалануға берілді.

Сонымен қатар мемлекеттің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға жасап жатқан қолдауының арқасында мемлекеттік бағдарламалар аясында 2020 жылы жеке кәсіпкердің «Аңсар – Каусар – 2020» жеке бастауыш мектебі ашылып, мемлекеттік бағдарлама аясында 93 бала білім алып, қосымша 65 бала әртүрлі үйірмелермен, 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

1983 жылы салынып пайдалануға берілген балабақша ғимараты 1994 жылдарға дейін жұмыс істеп, 2013 жылдан бастап пайдаланылмай тұрған балабақша ғимаратына 2019 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 2021 жылы 130 баламен қамтылып жұмыс жасауда.

2021 жылы спорттық көше тренажерын орнату үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізіліп пайдалануға берілді.

«Samruk - Kazyna Trust» корпоративтік қоры ауыл орталығынан 239 млн теңгеге 720 м² болатын спорт кешені құрылысын салуды жоспарлап, қазіргі таңда жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар «Балалар жылы» аясында демеушілердің қаражаты есебінен ауылдық округтен екі спорттық ойын алаңдары құрылысын салу жоспарланып 20 х 40 кіші футбол алаңы мен тренажерлық құрылғылары орнатылып 1 спорт, ойын алаңы пайдалануға берілсе, екіншісінің құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Ауылдық округте 2017 жылдан осы кезеңге дейінгі аралықта 60,7 км болатын 55 көшеге жол жөндеу жұмыстары жүргізілсе, соның ішінде «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында 4 көшеге асфальт жұмыстары жүргізіліп, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 17 көшенің 5-і асфальт, 12-не тас төсеу жұмыстары жүргізілді.

2017 жылы кәсіпкерлердің демеушілігімен «Наурыз» саяжайы көшесінің бір шақырымнан асатын жаяу жүргіншілер жолы салынса, 2018 жылы орталық алаң, 2021 жылы Адыран Найзағараев, Үміт Тоқмағанбетова көшелеріне және №143 мектеп алдына ұзындығы 1,6 шақырым болатын қала көшелерінен ауыстырылған брусчаткалардан жаяу жүргіншілер жолы салынды. 2021 жылы Ақсуат ауылдық округіндегі жаңадан қоныстанушы тұрғындарды электр желілерімен қамтамасыз ету мақсатында, облыстық бюджеттен 184,9 млн теңге қаржы бөлініп, 28 көшеге электр желілері тартылып, 5 дана трансформатор орнатылса, 2022 жылы 22,5 шақырым болатын 32 көшені электр желілерімен қамту мақсатында қалалық бюджеттен бөлінген 4 млн 849 мың теңгеге жоба сметалық құжаттары әзірленіп, 1 млрд 65 млн теңгеге республикалық бюджетке өтінім ұсынылды.

2022 жылы маусымдық аяқ сумен қамту мақсатында республикалық бюджеттен 29 млн 599 мың 600 теңге қаржы бөлініп, №16-ТС техникалық 2 су тарту ұңғымасы пайдалануға берілді.

«Береке басы бірлікте» демекші, елдің бірлігінің, ынтымағының арқасында ауылдық округіміз 2018 жылдың қорытындысымен облыс бойынша 264 елді мекеннің ішінен «Үлгілі ауыл» байқауының жеңімпазы атанып, қоғамдық рейтинг қорытындысымен «Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясына ие болса, 2019 жылдың қорытындысымен Ақсуат ауылдық округі Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуына лайықты үлес қосып, өз саласындағы үздік жетістіктері үшін «Өркенді ауыл» номинациясымен марапатталды.

Сондай-ақ 2022 жылы Ақсуат ауылдық округі «Жаппай кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациямен марапатталды.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

МӘМС-2023: кім қанша төлейді?

Ең төменгі күнкөріс деңгейі мен айлық есептік көрсеткіш мөлшері инфляцияның болжамды деңгейін ескеріп, жыл сайын белгіленеді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалында МӘМС үшін кімге қанша төлеу керектігі түсіндірілді.

Филиал директоры Бақыт Исмаханбетовтың айтуынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төлейтін жарналар мен аударымдар көлемі МӘМС туралы заңда бекітілген және ағымдағы жылы өзгеріссіз қалды. Ал ең төменгі жалақы және айлық есептік көрсеткіш базалық әлеуметтік төлемдерінің мөлшері өсуіне байланысты дербес төлеушілер мен жеке кәсіпкерлер төлейтін жарна көлемі артты.

Жұмыс берушілер қызметкерлері үшін – жалақының 3% мөлшерінде төлейді. Алайда салық салынатын табыс 10 АЕК (700000 теңге) аспауы керек, яғни жұмыс берушінің ақша аударымының ең жоғары сомасы 21000 теңгені құрайды.

Қызметкерлер және АҚС шарты бойынша жұмыс істейтіндер – табысының 2% төлейді. Бұл жерде салық салу объектісі 10 ЕТЖ аспайды, ақша аударымының ең жоғары сомасы 14 000 теңгені құрайды.

Жеке кәсіпкерлер – ЕТЖ-ның 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы немесе 4900 теңге төлейді.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыға азаматтар (БЖТ төлеушілер):

– Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың тұрғындары үшін БЖТ көлемі 1 АЕК құрайды, яғни 3 450 теңге.

– Қалған елді мекендердің тұрғындары үшін БЖТ көлемі 0,5 АЕК құрайды, яғни 1 725 теңге.

Дербес төлеушілер – 1 ЕТЖ 5% немесе 3 500 теңге

Сондай-ақ, 2023 жылдан бастап арнайы салық режимдерін қолданатын микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін бірыңғай төлем енгізілді. Осы әдіс бойынша барлық міндетті төлемдердің мөлшері жұмыс берушілер үшін 15%, ал қызметкерлер үшін бірыңғай төлем мөлшерлемесінің 10% құрайды. Бұл ретте төлем есептелетін ең жоғары айлық табыс республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 10 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс.

Бұдан бөлек, мемлекет 15 жеңілдік санатына кіретін азаматтар үшін төлем жасауды жалғастырады. 2023 жылдың

1 қаңтарынан бастап жеңілдік санатындағы әр адамға жарна мөлшері 4 505,6 теңгені құрайды.

Бақыт Исмаханбетов сақтандырылмаған азаматтар МӘМС жүйесінің қатысушысы болу үшін ыңғайлы әрі тиімді тәсіл – дербес төлеуші ретінде алдағы 12 айға жарна төлеуге болатынын атап өтті. Мысалы, 2023 жылдың қаңтарынан бастап сақтандыру мәртебесін алу үшін 2023 жылдың қаңтарынан желтоқсанға дейінгі әр айға жеке-жеке 3 500 теңгеден төлем жасау керек.

Есепшілер назарына! Көпшілік екі жерде жұмыс істейтін қызметкердің жарналар мен аударымдар мөлшерін шекті максимумды қолдана отырып, жалпы кірістен немесе олардың әрқайсысынан түсетін табысты жеке-жеке есептеу керек пе деген сұрақ қояды.

Мысалмен түсіндірейік. Қызметкердің бір ұйымдағы жалақысы 500000 теңге, ал екіншісінде – 300 000 теңге делік. МӘМС туралы заңға сәйкес, жарналар мен аударымдарды есептеу үшін ай сайынғы табыс 10 АЕК аспауы тиіс. (10 * 70000 = 700 000 теңге).

Бұл ретте аударымдарды есептеу үшін осы шек әрбір жұмыс беруші бойынша жеке қолданылады (яғни бір жұмыс орнындағы шекті табыс). Қарастырылып отырған мысалда бірінші және екінші ұйымдағы қызметкердің жалақысын жеке-жеке есептегенде 10 АЕК аспайды: 500000 теңге < 700000 теңге; 300000 теңге < 700000 теңге. Демек аударымдар жалақының толық мөлшеріне сәйкес есептеледі: 500 000 теңге * 3% = 15000 теңге (бірінші жұмыс орнынан МӘМС-ке аударымдар); 300000 теңге * 3% = 9000 теңге (екінші жұмыс орнынан МӘМС-ке аударымдар).

Ал жарналарды есептеу үшін қызметкердің бір айдағы барлық кірістерін қосуыңыз керек (яғни жалпы барлық жұмыс берушілер бойынша). Қарастырылып отырған мысалда қызметкердің екі жұмыс орнынан түскен жалпы табысы 10 АЕК асып түседі (500000 + 300000 = 800000 теңге). Демек, жарналардың мөлшері жалпы алғанда 14000 теңгеден аспауы тиіс. Сонымен, 500000 * 2% = 10000 теңге (бірінші жұмыс орнынан МӘМС жарнасы). Ал екінші жұмыс орнынан МӘМС жарнасы: ең жоғары рұқсат етілген жарна 14000 теңгені құрайды – 10000 (бірінші жұмыс орнынан ұсталған жарна) = 4000 теңге. Екінші жұмыс беруші жарна мөлшерін дұрыс есептеуі үшін қызметкер оған аударылған жарналар туралы бірінші жұмыс орнынан анықтама апаруы керек. Бұл анықтама берілмеген жағдайда, екінші жұмыс беруші жарнаны толық көлемде төлейді, яғни 300000 * 2% = 6000 теңге. Нәтижесінде екі жұмыс орнынан төленген жарналар 16000 теңгені құрайды. Алайда артық төленген қаражат (рұқсат етілген ең жоғары жарнадан жоғары) қайтарылады: 16000 – 14000 = 2000 теңге.

БОКС

Өткен аптада бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері тағайындалды. Биылдан бастап боксшыларды бұған дейін ұлттық құраманы он жылға жуық жаттықтырған Мырзағали Айтжанов дайындайтын болды. 52 жастағы маманның алдындағы басты мақсат – мамыр айында Ташкентте алауы тұтанатын әлем чемпионатында, күз мезгіліндегі ең маңызды доданың бірі – Азия ойындарында сәтті өнер көрсету. Сондай-ақ 2024 жылғы Париж Олимпиадасында да алдыңғы додалардағы жетістікті қайталау, мүмкіндік болса, Сиднейдегі нәтижені жақсарту тапсырмасы қойылған.

АЙТЖАНОВ ҚАЙТА БАС БАПКЕР БОЛДЫ

Қазақстан ұлттық құрамасының тарихына көз жүгіртер болсақ, бүгінге дейін ұлттық құрама тізгінін жеті бапкер ұстаған екен. Бір қызығы, солардың ішінде тек Қайрат Сәтжанов құраманы Олимпия ойындарына бастап бара алмады. Мәселен, Қазақстан бокс құрамасының тұңғыш бас бапкері болған Әбдісалан Нұрмаханов 1993-1997 жылдар аралығында бір Олимпиада, екі әлем чемпионатына жігіттерді бастап барды. Кейіннен құрама тізгінін ұстаған Тұрсынғали Еділов те бес жылда ішінде Сидней Олимпиадасы мен үш әлем біріншілігіне боксшыларды баптады. Афиныда Ермахан Ыбырайымов бас бапкер болса, Бейжің Олимпиадасы тұсында Дамир Буданбеков құраманы жаттықтырды. Ал Лондон мен Риода Мырзағали Айтжанов, Токиодағы сәтсіздіктің тұсында Ғалымбек Кенжебаев қызмет етті.

Негізі бапкерлер арасында нәтиже көрсету жағынан Мырзағали Айтжановтың шоқтығы биік. Оның шәкірттері Олимпия ойындары мен төрт әлем біріншілігінде 27 жүлде олжалады. Мырзағали Құланұлының бас бапкер ретіндегі алғашқы ірі жарысы 2010 жылы Қытайдың Гуанжоу қаласында ұйымдастырылған жазғы Азия ойындары болды. Ұлттық құраманың тәжірибелі боксшылар шоғыры қалыптасқан тұста жаман нәтиже көрсеткен жоқ. Атап айтар болсақ, сол жолы Серік Сәпиев (69 кило) пен Данияр Елеусінов (64 кило) алтыннан алқа тақса, Біржан Жақыпов (49 кило), Иван Дычко (+91 кило), Данабек Сужанов (75 кило) жүлдегерлер қатарынан көрінді. Сөйтіп жалпыкомандалық есепте үшінші орынды иеленді.

Араға екі жыл салып Ұлыбритания астанасы – Лондондағы Олимпия ойындарында жерлестеріміз бір алтын, бір күміс және бір қола медальға ие болды. Азия және әлем чемпионатының екі дүркін жеңімпазы атанған Серік Сәпиев Тұманды Альбионда да тұғырдың ең биік сатысынан көрінсе, Әділбек Ниязымбетов күміс жүлдені мойнына ілді. Аса ауыр салмақтағы Иван Дычко қолаға қол жеткізді.

Ал 2013 жыл Айтжанов үшін де, қазақ боксшылары үшін де табысты жыл болды. Алдымен Амманда өткен Азия чемпионатында жеті өреніміз құрлық чемпионы атанса, Алатау баурайындағы әлем чемпионатында тұңғыш рет төрт боксшымыз алтын тұғырдан көрінді. Сөйтіп жылдың ең ірі екі бәсекесінде Қазақстан құрамасы жүлде жеңіп алу жағынан рекорд орнатты.

Сондай-ақ Мырзағали Айтжанов 2013 жылғы әлем және Азия біріншілігінде айтулы табысынан кейін АИБА шешімімен әлемнің ең үздік бапкері атанса, келесі жылы да дәл сондай зор құрметке ие болды. Бұл да қазақ бапкерлерінің арасында қатарынан екі рет әлемнің үздік бапкері атанған жалғыз жаттықтырушы. Міне, Айтжановтың тоғыз жылда жеткен жетістігі осындай. Төрт жылдан кейін бұрынғы қызметіне оралған Мырзағали Айтжанов сол жетістіктерін қайталай ала ма, жоқ па, оны алдағы уақытта біле жатармыз.

Соңғы апта Сыр спортшылары үшін жағымды жаңалықтарға толы болды. Атап айтар болсақ, 4-11 қаңтар күні Шымкент қаласында 2010-2011 жылы өмірге келген қыздар арасында волейболдан өткен ел чемпионатында Қызылорда облысының қыздар командасы 1-орынды жеңіп алды.

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Айта кету керек, біздің волейбол командамыз облыс тарихында алғаш рет чемпион атанып отыр. Бұл – үлкен жетістік.

Жарыста «Үздік үйлестіруші» аталымымен Еңлік Дүйсенбайқызы марапатталды.

Жарысқа облыс командасын Замәла Әбдіқадырова, Жасұлан Бердібаев дайындап, ел намысын абыроймен қорғап қайтты.

Сонымен қатар Орал қаласында 2004-2005 жылы өмірге келген жастар арасында волейболдан өткен чемпионатта Қызылорда облысының ұлдар командасы да жеңіс тұғырынан көрініп, күмістен алқа тағынды.

Сондай-ақ команда құрамындағы спортшымыз Бекнұр Сайрамбек «Үздік шабуылшы» аталымы бойынша марапатталды.

УНИВЕРСИАДА: қанша спортшы қатысуда?

2023 жылғы қысқы универсиада салтанатты түрде ашылды. АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қаласында жалауын көтерген әлемдік деңгейдегі спорт додасында еліміздің атынан 78 спортшы бақ сынайды.

Оның ішінде шаңғымен жарысудан – 14, шорт-тректен – 12, биатлоннан – 9, мәнерлеп сырғанау мен конькимен жүгіруден – 6, сноуборд, тау шаңғысы спорты, тұғырдан секіру мен қоссайыстан – 2, шайбалы хоккейден 23 қазақстандық студент жарыс жолына шығады.



Бетті дайындаған
Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ
Суреттер ашық дереккөзден алынды

СҰХБАТ

Әрбір елдің туы шет елдерде екі жағдайда көкке көтеріледі. Біріншісі – мемлекет басшысы ресми сапарлағанда, екіншісі – спортшы жеңіс тұғырына көтерілгенде. Спорт – елдің рухы. Намысын нанға, арын ақшаға айырбастамайтын намысы найзағайдай жарқылдаған спорт сайыпқырандары Сыр елінде аз емес. Сыр өңірі спорттан тәжірибелі аймақ. Күрес, бокс, тоғызқұмалақ, шахмат тағы басқа да спорт түрлерінен аймағымыз алда екенін мұқым ел мойындайды. Бұл спортқа көңіл бөлгеннің жемісті нәтижесі екені хақ. Осы орайда қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айбек Ормановпен сұхбатымызды оқырман назарына ұсынамыз.

СПОРТШЫЛАР АЛҒАН АСУ АЗ ЕМЕС

– Айбек Ерғалиұлы, сіз басқарып отырған қалалық спорт бөлімі жұмысына кеңінен тоқталып өтсеңіз. Әңгіме әлқиссасын осыдан бастасақ.

– Қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі бұған дейін үлкен додаларда спортшылар әзірлеп, олар ел сенімін ақтап келеді. Алдағы уақытта жүзеге асыратын жарқын жоспарларымыз жеткілікті. Біздің басты мақсатымыз – ел чемпионаттары мен басқа да спорттық сайыстарда қатысып қана қоймай жеңіс тұғырына көтерілу. Сонымен қатар спорттық командалар дайындау күн тәртібіндегі жұмысымыз саналады.

– Бұқаралық спортты дамыту бойынша нендей жұмыстар атқарылуда?

– Бұқаралық спорт түрлерімен жүйелі айналысу – үлкен спортқа алғашқы баспалдақ және салауатты өмір салтын қалыптастыру. Бұл әлеуметтік зиянды әдеттерден аулақ болып, қоғамдық тәртіп бұзушылық пен қылмыстың алдын алудың негізгі тиімді құралының бірі. Бөлім тарапынан бұқаралық спорттық іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес дене шынықтыру мекемелерімен, спорт мектептері және спорт клубтарымен бірлесіп өткен жылы 151 спорттық іс-шара өткізілді. Бөлім бастамасымен қала көлемінде балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен 83 іс-шара өткізіліп, оған 14081 адам қатыстырылды. Қазіргі таңда Қызылорда қаласында дене шынықтыру және спортпен шұғылданушылардың саны айтарлықтай өсуде. Атап айтсақ, 2021 жылы шұғылданушылар саны 112649 адам, яғни 34,4 пайызды құраса, 2022 жылы бұқаралық спортпен шұғылданушылар саны 127838 адамға жетіп, 36,6 пайызды құрады. 2022 жылы Қызылорда қаласының тұрғындарын бұқаралық спортқа тарту мақсатында «KEMEL SPORT» спорт клубы жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында, сауықтыру дене шынықтыру жұмыстары жүргізді. Аталмыш қоғамдық бірлестікте спорттың 9 түрінен (футбол, волейбол, баскетбол, жекпе-жек, үстел теннисі, қазақ күресі, бокс, тоғызқұмалақ, шахмат) 49 нұсқаушы жұмыс жүргізді. Әр нұсқаушыда 180 тұрғыннан барлығы 8820 адам аптасына 24 академиялық сағат бойынша бұқаралық спортпен шұғылданады. 2023 жылға арналған «Бұқаралық спортты дамыту» қызметі бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу процестері жүргізілуде. Бағдарламаның мақсаты – жастардың бос уақытын тиімді өткізу, сауықтыру жұмыстарын жүргізу.

– Әдетте біз спорт дегенде бірінші бокс, күрес, футболды айтамыз. Қалада ашылған спорт мектептерінің ішінде басқа қандай спорт түрі бар?

– Жалпы қаладағы спорт мектептер «Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасы» КММ қарамағында. Мектептертің негізгі мақсаты – өздеріне бекітілген спорт түрлерінен құрлықтық чемпионаттар мен Азия, олимпиадалық ойындарға қатысып, елдің намысын қорғайтын мемлекеттің құрама командалар дайындау. Қалаға қарасты Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубы 2014 жылдан бастап жұмыс жасауда. Басты мақсаты – бекітілген жоспарға сәйкес қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық спорттық шараларды ұйымдастыру, спортпен айналысу. Спорт клубта спорттың 14 түрінен тегін негізде үйірмелер ұйымдастырылып, оған 1396 адам қатысуда.

– Жаттықтырушылар жеткілікті ме?

– Қалалық дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубында 20 жаттықтырушы жұмыс істейді. Дегенмен қала тұрғындары санының артуына байланысты спорт жаттықтырушылары жетіспеуде. Спорт залдардың жетіспеушілігіне байланысты аталған үйірмелерге спорт залдарды жалға алудамыз.

– Спортта күрес, футбол үлкен сұранысқа ие. Оның үстіне ауылдық жерде орналасқан балаларды спортқа көптеп баулу мәселесі де жиі айтылып жүр. Ауылдық елді-мекендердегі спорт бөлімшелері жұмысы жайында айтып өтсеңіз.

– Ақжарма ауылдық округі, Баймұрат батыр елді мекені, Талдыарал ауылдық округінде 1 жаттықтырушы жұмыс істеуде, Белкөл кентінде шағын футбол, үстел теннисі, еркін күрес, бокстан мемлекеттік тапсырыс бойынша жан басына шаққандағы спорт үйірмелері жұмыс істеуде. Қосшыңырау, Қызылөзек ауылдық округтерінен грэпплинг, жекпе-жек, каратэ, еркін, қазақ күрестерінен, қала орталығынан мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған парапауэрлифтингтен, соқырлар қоғамы жанынан тоғызқұмалақ, дойбы, шахматтан үйірмелер ұйымдастырылып, 2023 жылы аталған ауылдық округтерде үйірме жұмыстары жалғасын тапты. Жалпы қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секциялары тұрақты қызмет көрсетуде.

– Ендігі кезекте спорт мектептерінде жаттығып жатқан болашақ чемпиондардың жетістігіне аз-кем тоқталсаңыз...

– Өткен жылы Қажымұқан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының спортшылары Қазақстан Республикасы мен Азия чемпионаттарында және Әлем чемпионаттары мен кубоктарында 47 рет жеңіс тұғырына көтерілді. Мұнымен қоса Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасына қарасты спорт мектептерінің спортшылары, Сыр елінің мақтаныштары дзюдодан ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жастар арасында Әлем чемпионы Мағжан Шамшадин, Әсел Серікбай есімін мақтанышпен айтамыз. 7 дүркін Азия, 18 дүркін Қазақстан чемпионы, WIM - women international master – әйелдер арасында халықаралық спорт шебері, шахматтан ҚР спорт шебері, ҚР ұлттық әйелдер құрама команда мүшесі. 2022 жылы облыс тарихында тұңғыш болып гроссмейстер атанды, олар – қазақ күресінен Қазақстан барысы Мақсат Исағабылов, қазақ күресінен Әлем чемпионы Бекжан Төлепов. Сонымен қатар жасөспірімдер арасында да үздіктер қатары көптеп шығуда. Атап айтар болсақ, Бәйдібек Аймағанбетов Уфа қаласында өткен қоян-қолтық ұрыстан жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері. Ақбаян Жармахан Тараз қаласында өткен грэпплингтен балалар мен жасөспірімдер арасындағы ҚР чемпионы. Севинч Ибрагимова Петропавл қаласында өткен каратэ-до годзю-рюдан балалар және жасөспірім ұлдар мен қыздар ҚР чемпионаты жеңімпазы. Мөлдір Маханбетова Ақтау қаласында парапауэрлифтингтен ҚР ерлер мен әйелдер арасындағы чемпионатының жеңімпазы. Нұрмұхаммед Ұзақов Петропавл қаласында өткен каратэ-до годзю-рюдан балалар және жасөспірім ұлдар мен қыздар ҚР чемпионы атанды.

– Жеткіншектер жетістігіне қуанып отырмыз. Осы орайда алдағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз?

– 2023 жыл көлемінде бөлім тарапынан күнтізбелік жоспарға сәйкес 125 спорттық іс-шаралар өткізеді деп жоспарлануда. Сонымен қатар республикалық деңгейде шаралар өткізуде жоспарымызда бар. Оның ішінде Қажымұқан Мұңайтпасұлын еске алуға арналған қазақ күресінен дәстүрлі республикалық турнир, КСРО спорт шебері Раис Басредитдиновті еске алуға арналған жасөспірімдер арасында тас жолда республикалық көпкүндік вело жарыс, КАЗССР тренері В.Лиді еске алуға арналған жасөспірім қыздар арасында республикалық көпкүндік вело жарыс, Қызылорда облысы әкімінің кубогы үшін қаламгерлер арасында шағын футболдан республикалық турнир, КСРО чемпионы М.Сатыбалдиевтің жүлдесі үшін жасөспірімдер арасында тас жолда республикалық көпкүндік вело жарыс, қала әкімінің жүлдесі үшін стритболдан республикалық жарыс. Жалаңтөс Баһадүрге арналған бокстан жастар арасында Қазақстан Республикасы бойынша мықты боксшылары арасындағы турнир Сыр елінде үлкен деңгейде аталып өтпек.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Универсиада – 2023: Қазақстан қоржынына алғашқы алтын медаль түсті.

ҚОРЖЫНДА АЛТЫН БАР

АҚШ-тың Лэйк-Плэсид қаласында өтіп жатқан Универсиадада қазақстандық спортшы алтын медаль жеңіп алды.

Ерлер арасында биатлоннан 15 шақырымға жеке жарыс өтті. Қазақстан намысын Александр Мухин, Вадим Куралес, Кирилл Бауэр және Бекентай Тұрлыбек қорғады.

Вадим Куралес ең үздік нәтиже көрсетіп, Қазақстан қоржынына алғашқы медаль салды. Отандасымыз қашықтықты 42:37.4 секундта еңсерді.

Күміс медаль норвегиялық Эрьян Мосенгке (+42.6) бұйырса, француз Аксель Гарнье (+1:16.5) қола жүлдегер атанды.

Еске салсақ, Универсиада АҚШ-тың Лейк-Плэсид қаласында өтіп жатыр. Оған әлемнің 50 елінен студенттер қатысуда.

Қазақстанның намысын спорттың он түрінен 78 спортшы қорғайды. Студенттер биатлон, сноуборд, шаңғы, тау шаңғысы, шорт-трек, мәнерлеп сырғанау, шаңғы қоссайысы, коньки, шаңғымен трамплиннен секіру және шайбалы хоккей секілді спорт түрлерінен бақ сынайды.

ҰЛЫБРИТАНИЯНЫ ҰТТЫҚ

Универсиада-2023: Хоккейден Қазақстан құрамасы Ұлыбританияны 15:1 есебімен ойсырата жеңді.

Хоккейден Қазақстанның студенттер құрамасы Американың Лейк-Плэсиде қаласында Универсиада-2023 турнирі аясындағы үшінші матчын өткізді.

Ғалым Мәмбеталиев шәкірттері Ұлыбритания құрамасына қарсы ойнады.

Тартысты өткен сайыс нәтижесінде қазақстандықтар айрықша басымдықпен жеңіп шықты.

Матчтың есебін Батырлан Мұратов ашты, артынша британиялықтардан Сэмюэл Роджерс есепті теңестірді. Содан кейін Қазақстан алғашқы үзіліске дейін 5 шайба соғып, алға шықты – Батырлан Мұратов дубль жасаса, Максим Мухаметов, Всеволод Логвин, Иван Гавриленко мен Артем Королев мергендік танытты.

Екінші кезеңде отандастарымыз қарсылас қақпасына тағы жеті шайба енгізіп, есепті еселей түсті. Голл авторлары – Данил Бутенко, Әлихан Өмірбеков, Батырлан Мұратов, Руслан Демин, Әли Қасенов, Кирилл Полохов және Гавриленко.

Үшінші бөлімде Полохов матчтағы екінші шайбасын соғып, есепті еселеді – 14:1. Матч нүктесін Мұхаметов қойып, есепті 15:1-ге жеткізді.

Қоқыстан қалай құтыламыз?

Жоба халықтың әлеуметтік жауапкершілігін, тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу мәдениетін қалыптастыруға арналған. Алғашқы жылдары Астана мен Алматы қалаларын қамтыса, 2021 жылдан бастап республика бойынша жүзеге аса бастады.

– Бірінші кезеңде негізгі үндеу халықты қоқысты арнайы жәшікке тастауға арналса, соңғы екі жылда қоқысты сұрыптауды насихаттаудамыз. Мәселен, 2020 жылы пандемияға қарамастан Астана қаласының саябақтарынан полиэтилен қалталарын жинап, белгілі суретші Сәуле Сүлейменова сол пакеттерден үлкен картина дайындап, «Жетісу» саябағына қойылды да, кейін Алматы қаласына арбатқа жіберілді. Алғашқы жылдары екі қалада ұйымдастырдық, сол кезде өзге өңірлерден де хабарласып, өз қалаларында жүзеге асқанын қалайтынын айта бастады. Яғни қызығушылық білдіргендер аз болмады, – дейді «Stop musor» жобасының үйлестірушісі Асыл Оқапова.

Басы 1-бетте

2013 жылы елімізде Жасыл экономикаға көшу туралы тұжырымдама қабылданған еді. Тұжырымдама аясында 2030 жылға дейін қалдықтарды қайта өңдеу 40 пайызға жетуі керек. Министрліктің ақпаратына сүйенсек, бүгінгі күні республика бойынша 207 қаласы мен ауданынан қалдықтарды бөлек жинау 133-ке, ал сұрыптау 103 қала мен ауданға енгізілген.

– Жоба жүзеге асқаннан кейін нәтижесін байқау мақсатында халық арасында сауалнама ұйымдастырдық. Өзіміз жасаған статистика бойынша, көшеде жатқан қоқысқа мән беретін халық саны 4 пайызға артса, көшеге ұсақ қоқысты тастамайтындар 9 пайызға артқан. Экология министрлігінің статистикасы бойынша, 2021 жылы 7328 табиғи үйінді болса, 2022 жылы 21,9 пайызға азайып, 5723 болды, – дейді жоба үйлестірушісі.

Айта кетелік, бүгінде қалдықтарды сұрыптау жұмысы барлық өңірде қолға алынуда. Оның ішінде Қызылорда облысында бүгінгі күнге дейін Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Шиелі аудандары әкімдігі мен Қызылорда қаласында бөлек жинау үшін 1023 контейнер сатып алынып, орнатылды. Сондай-ақ өңірде сұрыптау кешендері (Арал, Жалағаш, Сырдария, Шиелі) бар 4 ҚТҚ полигонын салу үшін рұқсат құжаттарын алу жоспарлануда, мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтетін жобалау-сметалық құжаттамалар әзірленген.

ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКС не өзгертті?

Экологияны жақсарту үшін жаңа кодекс жүзеге аса бастағанын жиі айтып жүрміз. Жаңа кодекс қандай талап қояды, не өзгерді? Кодекс туралы бірер сөз...

Жаңа кодекстегі өзгерістің бірі – ластаушы төлейді ұғымының қалыптасқаны. «Ластаушы төлейді және қалпына келтіреді» қағидатының негізінде қоршаған ортаның ластануына жол бермеу және бақылау, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірген зиянның орнын толтыру үшін жауапкершілік көзделген. Экологиялық зиян орын алған жағдайда табиғат пайдаланушы қалпына келтіруге міндеттелген. Жаңа кодекске орай пікір білдіргендер де бұл құжаттың бұрынғыдан өзгерек екені айтылады. «Жаңа құжатта ірі кәсіпорындар жасыл технологияны енгізуге міндетті. «Ластаушы төлейді және қалпына келтіреді» қағидатының негізінде ластануды болдырмау және бақылау бойынша шаралар, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірген зиянның орнын толтыру үшін жауапкершілік көзделген. Экологиялық зиян орын алған жағдайда табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны оның бастапқы қалпына келтіруге міндетті», – дейді экология мамандары. Кодекстің бұл талабы қоршаған ортаны ластанудан сақтауға бірден-бір ықпал болары сөзсіз.

Тағы бір талап – өнеркәсіпте жаңа технологиялар енгізу. Бұл қоршаған ортаны сақтау үшін қажет. Бірінші кезеңде жалпы ластанудың сексен (80%) пайыз шығарындыларының көзі саналатын елу ірі кәсіпорындарында енгізу жоспарланған. Еуропада он бес жыл ішінде ең озық технологиялардың арқасында шығарындылар тоқсан төрт пайызға азайған. Осы технологияларды енгізген кәсіпорындар эмиссия үшін төлемнен босатылады. Егер кәсіпорындар қолжетімді технологияларды пайдаланбаса, олардың эмиссия үшін төлем мөлшерлемелері артады.

Қалдықтарды басқару мәселесі де жаңа кодексте қамтылған. Өндірістегі қалдықтарды өңдеу үшін жаңа технологияларды енгізу мәселесі күн тәртібінде. Бұл мақсатта пилоттық жоба жүзеге асуда. Анығын айтқанда, заңнамалық негізде қалдықтардың жиналуын азайту үшін WASTE TO ENERGY технологиясын қолдана отырып, қалдықтарды энергетикалық қәдеге жарату енгізілді. Бұл технологияға сәйкес қоқыс өртеліп, электр қуаты шығарылады, содан кейін электр желісіне сатылады.

Әрине, бұл уақыт еншісіндегі жұмыс. Жаңартылған энергия көздерін дамыту мәселесі де өзекті екені белгілі. Бұл туралы кодексте қамтылмай қалған жоқ. Яғни декарбонизация – бұл көмірқышқыл газының шығарылуын азайту және жаңартылатын энергия көздері арқылы электр энергиясын өндіру. Бұл қоршаған ортаға зиянды әсерді едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні әлемдік экономиканы декарбонизациялау және климаттық реттеуді қатаңдату тренді байқалады. Атап айтсақ, өткен жылы еуропалық Одақ шығарындылардың жоғары деңгейі бар елдерден импортталатын өнімдерге «шекаралық көміртек салығын» әзірлеуге кірісті. Бұл Еуропа нарығында отандық өнімдердің жоғары бәсекелестігін сақтау үшін шығарындылардың көлемін қысқарту қажет екенін білдіреді.

Қоршаған ортаға эмиссия төлеу мәселесі де жаңа кодексте қамтылған. Анығын айтсақ, бұған дейін эмиссия үшін түскен төлемдерді табиғатты қорғау іс-шараларын мақсатты жұмсау міндеті көзделмеуінің нәтижесінде аймақтарда эмиссиялық төлемдердің 10 пайыздан аспайтын мөлшері экологиялық іс-шараларға жұмсалған. Жаңа кодексте экологиялық төлемдердің 100 пайызы экологиялық іс-шараларға жұмсалатыны айтылған.

Сондай-ақ жаңа экологиялық кодексте экотуризмді дамыту, көгалдандыру жұмысы, жан-жануарларды қорғау жайы да қамтылған. Ең бастысы, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға ықпал ететін кодекс бар. Мұнан кейінгі жұмыс өз қолымызда екені белгілі.

Шеңгелдің сакурадан несі кем?

Иә, мектеп оқушысы Дінмұхаммед Абзалұлы осылай дейді. Оның айтуынша, алыстағы Жапониянын сакурасын суреттен көріп қызығып, өзіміздегі шеңгелге мән бермейміз де. Тіпті шеңгелге мұрын шүйіретініміз жасырын емес. Әйтпесе шеңгелдің де далаға сән беретін өзінше бір әдемілігімен қоса пайдасы да жоқ емес.

«Қызылорда облысының орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» және «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастырған «Сыр өңірінің флорасы мен фаунасы және экологиясы» атты облыстық ғылыми жоба байқауында қаладағы Байзақ Момынбаев атындағы №278 IT мектеп-лицейдің 6 сынып оқушысы Дінмұхаммед Абзалұлы «Шеңгелдің пайдасы» тақырыбында ғылыми жобасын қорғап, жұрт назарын шеңгелге аударды. Оқушының айтуынша, шеңгелдің біз білмейтін пайдасы көп. Жақса отын, пайдалана білсе дәрі, табиғаттың тепе-теңдігін сақтауға өз үлесі бар шеңгелдің гүлдеуі айналасын ерекше ғажайыпқа бөлейді екен.

– Шеңгелді отын ретінде де қолданады. Тамырынан жүн бояу үшін пайдаланатын сары бояу алады. Шеңгел құм басудан қорғайды. Шеңгел азайса, құнарлы жерлерді құм басуы мүмкін. Шеңгелдің тамыры емдік максатқа қолданылады. Іш жүргізуге, бүйрекке, бауырға, қуыққа тас байланса оны ерітіп жіберетін қасиеті бар екен, – дейді Дінмұхаммед.

Ал шеңгелдің гүлдеген кезіндегі сұлулығын көрдіңіз бе? Айналасын алқызыл түске бояйтын шеңгел гүлінің сұлулығын Дінмұхаммед қалай суреттейді?

– Иә, кәдімгі шеңгелдің гүлдеуі жапонның сакурасынан кем бе екен? Шеңгел де ежелгі өсімдік. Аяз бидің «шөп жаманы шеңгел емес...» дейтіні де қазақтың жадында. Шеңгел мамыр айында жаппай гүлдейді. Гүлі сакураның гүліндей қызғылт болып келеді. Кейде осы қызғылт түске күлгін бояу араласып кететіні бар. Бұл жердің құнарына байланысты болар. Соры қалың, сусыз жерде өссе де малынып гүлдейтіні ғажап. Алайда бізде шеңгел гүлдегенде жапондардың сакурасына қуанғандай ерекше қуанбайтынымыз шындық, – дейді кәдімгі шеңгелдің пайдасын да, гүлдегендегі ғажап сұлулығын да әбден зерттеген бала Дінмұхаммед.

Шынында, көпшілік шеңгел ғой деп мұрнын шүйіретін тікенекті шеңгелдің біз білмейтін пайдасы көп. Қарапайым мысал, оның түбіндегі қара шірікті бөлме гүлдерін егуге талай пайдаландық та. Шеңгел түбіндегі топырақ дүкендерде арнайы сатылатын қалтадағы топырақтан әлдекайда құнарлы екенін де білеміз. Біз тікенекті шеңгелдің гүлдегендегі сұлулығына назарымызды аударған балалардың бұл ісіне сүйсіндік. Бұл жас ұрпақтың қоршаған ортаға туған топырағына деген сүйіспеншілігі, барды бағалай білуі. Бұл орайда балаларды табиғатқа жақындата түскен, айналадан әсемдікті көре білуге тәрбиелеген ұстазы, жоба жетекшісі Мираш Дәулетияровaның еңбегі ерен. Табиғатты тануға ұмтылған шәкірттер әлі талай белесті бағындырары сөзсіз.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

АУАСЫ ЛАС ҚАЛАЛАР

Атмосфералық ауаның экологиялық мониторингінің нәтижесі бойынша 45 елді мекеннің 10 қаласында ауаның ластану деңгейі

жоғары екенін жариялады. Атап айтқанда, Астана, Алматы, Қарағанды, Теміртау, Атырау, Ақтөбе, Балқаш, Өскемен, Жезқазған, Риддер қаласы.

АРАЛ ТАБАНЫНА СЕКСЕУІЛ ЕГЕДІ

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменованың айтуынша, орташа көпжылдық өзен ресурстары жылына 102,3 текше шақырымды құрайды, оның жылына 54,5 текше шақырымы жергілікті ағын, ал жылына 47,8 текше шақырымы Орта Азия мемлекеттерінен, Ресей Федерациясынан және Қытай Халық Республикасынан келеді. Осы бағыттағы көршілес елдермен жұмыс жүйелі негізде жүргізіліп жатқанын мәлімдеген министр уақытылы қабылданған шаралардың нәтижесінде 2022 жылдың вегетациялық кезеңі тұрақты өткенін жеткізді. Сондай-ақ Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында жаңа «Су кодексі» бойынша жұмыс жүргізілуде. Бүгінде кодекс жобасы әзірленіп, мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілді. Жоба наурызда Парламентке енгізіледі.

Президент бастамасымен орман қоры жерлерін көгалдандыру мақсатында 2 млрд ағаш отырғызу жұмыстары да жалғасын тапты. Былтыр (166 мың гектар алқапқа) 239 млн түп ағаш отырғызылды, биыл (188 мың гектар алқапқа) 409 млн түп ағаш отырғызу жоспарлануда.

Арал теңізінің құрғаған түбіне сексеуіл отырғызу жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Өткен жылы 250 мың гектар жерге фитомелиоративтік жұмыстар жүргізілді.

ЗАҢ ҚАТАЛ

Жыл басында Мемлекет басшысы «Өсімдіктер әлемі» туралы заңға қол қойды, сондай-ақ «Әкімшілік бұзушылықтар» туралы кодекске және Қылмыстық кодексте экологиялық бұзушылықтар мен вандализм көріністері үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы заңдар қабылданды.

Сонымен қатар тазы мен төбеттің қазақ халқының ұлттық игілігі екенін ескере отырып, Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және молайту мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Мораторий: Киікке тимеңіз!

Бұған дейін киік санының азаюына байланысты Үкімет арнайы шара қабылдап, киікті пайдалануға мораторий жариялаған еді. Жағымды жаңалық, бүгінгі күні киік саны 1,3 млн басқа (төлдеу кезеңіне дейін) жетіп отыр.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы жануарлары мен киіктердің арасында жайылымдар мен суаратын жерлер үшін бәсекелестік күшейді, киіктердің егін таптау жағдайлары жиіледі.

Осыған байланысты, министрлік 2023 жылы киік популяциясын басқару жөніндегі биологиялық негіздеме аясында оларды ғылыми зерттеуді жоспарлады, оның барысында мынадай мәселелер зерделенетін болады:

1) киік популяцияларының даму болжамы;
2) киіктердің ареалы мен көші-қон жолдарын нақтылау;
3) киіктердің азықтық базасын зерделеу;
4) ауыл шаруашылығымен бәсекелестікті төмендету бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осыған байланысты, ҚР ЭТРМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті ғылыми-зерттеу жұмыстары кезеңінде 2022 жылғы 28 желтоқсандағы бұйрықпен республиканың бүкіл аумағында киіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға мораторийді ғылыми негіздемеге сәйкес 2024 жылға дейін ұзартты.

Бетті дайындаған
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелініп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2795 **Тапсырыс №77**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА